ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХИМИЯ-БИОЛОГИЯ БАҒЫТЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІ

CHEMISTRY AND BIOLOGY in KYZYLORDA
NIS
Nazarbayev Intellectual Schools

# Kyzylorda

№ 012 25-мамыр 2016 жыл

НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ ШКОЛА ХИМИКО-БИОЛОГИЧЕСКОГО НАПРАВЛЕНИЯ ГОРОД КЫЗЫЛОРДА

## ANOTHER SUCCESSFUL YEAR AT NIS KYZYLORDA

*It is the end of another successful, joyful and interesting school year. In all, 149 students are graduating and throughout the year they have worked hard to achieve good results. One of our students is a candidate for the "Altyn Belgi Award" while eight other students could likely achieve the Diploma with Distinction. This year, fifteen of our students have been successful in obtaining 100% grants for universities in Russia and Hong Kong. Other students are awaiting their results to find out if they have gained entry to Nazarbayev University and international universities in South Korea, Turkey and Finland. The students in Grades 10 and 12 have recently completed the Cambridge International Examinations and, if successful, this will allow them the opportunity to pursue careers in their chosen field reflecting the President's expectations for the students of Nazarbayev Schools.*





*In the new school year, we will be welcoming 100 new students into Grade 7. They will benefit from an educational environment that will encourage their individual development through the provision of high quality education. Here at Nazarbayev Intellectual School we have high expectations for all our students and I am sure that you share these with us. Let us all work together to maximise the achievements of our young people.*

**Gulmira Munkeeva, Director of Nazarbaev Intellectual School in Kyzylorda**

**ЧИТАЙТЕ В НОМЕРЕ:**

Ұлы дала тархы сыр шертеді
*жалғасы 2 бетте*

Величайший День Победы. Учащиеся провели концерт для общественности.
*продолжение на 3 стр.*

Give life to the nature! Students made Ikebana display from the branch of a tree. *on page 17*

Абай дана - Абай дара қазақта...
*жалғасы 4 бетте*

Как справиться со стресом перед экзаменами?
*продолжение на 13 стр.*

Ойды немесе ойлау қабілетін дамытуға арналған кеңестер.
*жалғасы 13 бетте*

Ізденген жетер мұратқа....
*жалғасы 12 бетте*

## БАРЛЫҚ БАЛАЛАР БАҚЫТТЫ БОЛУҒА ЛАЙЫҚТЫ



*"Бегім ана" шаңырығының оқушылары сәуір айының 23-жұлдызында сәбилер үйіне барып тағдыр тәлкегімен ата-ана қамқорлығынан айырылған балғындарға қуаныш сыйлады.Түрлі ойындар ойнатып әр қайсысына кішкене болса да шын жүректен сыйлық үлестірді.*

*Сонымен қатар, оқушылар шетелдік мұғалімдермен бірге бүлдіршіндер үйінің қабырғаларына танымдық суреттер салып, балғындарға мәңгілік естелік етті.*

*Екі күн бойы балаларға шат көңіл сыйлап, барынша қолдау көрсетіп, жәрдемдескен зияткерлік мектептің шәкірттері бұл үрдісті келесіге үлгі, ертеңгі күнге өнеге ретінде қалдырмақ.*

**Айжан Қуанышова 9 «D» сынып оқушысы**

## ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ СЫР ШЕРТЕДІ

Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары Қазақстанның даму тарихына саяхаттауға мүмкіндік жасады. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай және Наурыз меркесі аясында мектеп оқушылары қазақ елінің тарихи кезеңдері бойынша өз таныстырылымдарын көрсетті.

Көктемнің алғашқы шуағына шабыттанған табиғат жаратылыстары театрландырылған қойылым арқылы суреттелді. Су мұзы еріп, кеткен құсы келіп, тауы арқырап, бұлағы сарқырап, Ай мен Күні теңескен, шөбі мен көгі тең өскен көрініс көрсетілді. Бақ пен бірліктің бастауы, тіршіліктің арқауына айналған Қыдыр атамыздың ақ батасы берілді. Мұнан соң әсем ән мен биден шашу шашылды. Оқушылар мен мұғалімдердің басын қосқан шығармашылық ұжымы түрлі музыкалық аспаптар арқылы Нұрғиса Тілендиевтің «Ата толғау», «Әлхисса» атты шығармаларын сомдады.

«Наурыз - бұл өткен жылы жасаған жұмысымызға




есеп беріп, келешекке жоспар құрайтын жыл басы, - деді өз құттықтау сөзінде мектеп директоры Гүлмира Мункеева. - Қадам басқалы отырған жылды көптеген жағымды жаңалықтармен қарсы алғалы отырмыз. Айтап айтсақ, 12-сынып оқушысы Әбілпәсім Ләтіш - Жолдасбеков атындағы математика мен механика бойынша халықаралық байқаудан жүлделі 1- орынды жеңіп алды. Тағы бір бітіруші түлегіміз Жүрсін Дани-яр - жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың Республикалық Олимпиадасында Қазақстан тарихы пәні бойынша III орын алып, қола медаль иегері атанды. Сонымен қатар, 9- сынып оқушысы Владимир Коряк робототехника бойынша өткен халықаралық додада өзінің ғылыми жобасымен көзге түсіп, жүлделі 3 -орын иемденіп қайтты. Бұл біз үшін үлкен мақтаныш және Сіздердің еткен еңбектеріңіздің жемісі деп білемін. Жаңа жылдың жаңа белестері Сіздерге қуаныш сыйлап, үлкен жетістіктерге жеткізсін»,-деді.

Мектепте Наурыз мерекесін белгілі тақырыпта атап өту дәстүрге айналған. Биылғы шара «Ұлы дала тарихы сыр шертеді» тықырыбында өтіп, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орайластырылды. Оқушылар келушілер үшін Ежелгі Қазақстан, Оғыз мемлекеті, Қазақ хандығы, Кеңес одағы және Жаңа Қазақстан дәуірлерін қамтитын тарихи кезеңдерге саяхат жасап, тарихи оқиғалардың маңыздылығын түсіндірді және Болашақ Қазақстан туралы ойларымен бөлісті. «Біз IX және XI ғасырларды қамтитын кезеңді жан-жақты таныстырдық. Оның ішінде Оғыз күшінің мықтылығы өсіп, Ұлы Жібек жолы халықтар арасында экономикалық және мәдени байланыстарды нығайта түсті», - деп бөлісті 10- сынып оқушысы Азиз Ақмырза.




Шара барысында Шаңырақтар өзара Бата беруден жарысты. Шешендік-поэтикалық өнерімен сайысқан 17 оқушының барлығы да мейрімділігі мен адалдығы мол баталарымен ерекшеленді. Әдеттегідей ұйымдастырылған қайырымдылық жәрмеңкесінде оқушылар өздері дайындаған қолөнер бұйымдары мен кондитерлік өнімдерін саудалады. Түскен қаражат мектептің қамқорлығындағы мүмкіндігі шектеулі жандардың мұқтаждығына жұмсалмақ.



АҚШ-тан келген математика пәнінің мұғалімі Дэйв Брент-Харис үшін Наурыз мерекесі сүйікті мерекелердің біріне айналды. Бұл күні шетелдік азамат міндетті түрде қазақи ою-өрнектермен көмкерілген ұлттық шапанын киіп, әріптестері мен достарын мерекемен құттықтайды. «Наурыз мерекесі өзіндік салт-дәстүрлерімен қызықты», - дейді Дэйв.

Шара соңында түрлі ұлттық спорт ойындары ұйымдастырылып, келушілер ұлттық тағамдардан дәм татты. Осылайша, «Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз» меркесі көктемгі мейірімділіктің нұрын шашып, барлық қатысушыларды шаттық пен қуанышқа бөледі.



Kyzylorda

## УЧАЩИЕСЯ ШКОЛЫ ОРГАНИЗОВАЛИ КОНЦЕРТ ДЛЯ ОБЩЕСТВЕННОСТИ

**В честь празднования 25-летия Независимости Республики Казахстан и в преддверии Дня Великой Победы учащиеся Назарбаев Интеллектуальной школы химико-биологического направления города Кызылорда подарили общественности области праздничную концертную программу.**

Главный культурный центр области – драматический театр имени Н.Бекежанова был полон почитателями и ценителями искусства. Праздничная программа началась с театрализованной постановки, в которой были отражены вехи становления независимого Казахстана. Со сцены звучали слова о любви к Родине, к бескрайним просторам степей, о том, как много пережила страна на пути к независимости.



В постановке «Лебеди — птицы, сраженные пулей охотников» юные актеры НИШ рассказали о начале Великой Отечественной войны в 1941 году, о стойкости и сплоченности народа, который воевал ради мира на земле. «Молодое поколение должно знать о подвигах героев войны, помнить и чтить память отцов, дедов, прадедов, которые отдали свои жизни ради мирного неба над головой», — сказал ученик 8 класса Багдаулет Мамаев, который сыграл одну из ролей в постановке. В театрализованной постановке было задействовано более ста учеников нашей школы. И каждый из них старался передать уважение и благодарность ветеранам, подарившим нам мир.



Во второй части концертной программы для зрителей, в числе которых были ветераны, родители, учителя и школьники общеобразовательных учреждений, прозвучали песни военных и послевоенных лет. «Старый клен», «Идет солдат по городу», «Тучи в голубом», которые тронули сердца многих, оставив огромный заряд нравственности и патриотизма. «С каждым годом редеют ряды ветеранов, но так нужна их память, рассказы: ведь это пример мужества для подражания. Спасибо учащимся школы за столь интересное мероприятие, в котором они показали свое отношение к празднику, войне и к героизму великих людей», - говорит Куляй Ермаганбетова, заместитель председателя областного совета ветеранов

Шквал восторга и бурных эмоций вызвало выступление школьного инструментального оркестра, в состав которого вошли учителя, ученики и зарубежные преподаватели, они исполнили знаменитые казахские кюи и другие трогательные произведения военных лет.

В хоровом исполнении прозвучали такие знаменитые песни как «Журавли», «Пожелания мирного времени», а танцевальные коллективы школы порадовали зрителей танцами разных народностей.

Продолжился праздник выступлением октета, исполнившего под акапеллу несколько музыкальных композиций на английском языке. В завершении вечера с поздравительной речью перед собравшимися выступила директор школы Гульмира Мункеева, которая поблагодарила ветеранов за подвиг и отвагу, проявленные в далеких 40-х.

День Победы - величайший день! Это самый значимый день в нашей стране. Прошел 71 год, но мы знаем и помним тех, кто погиб, кто отдал свои жизни ради нас и дал нам надежду на мирное будущее.

Не забывайте тех, кого нет рядом с нами, но которые живут в наших сердцах!



## Council of International Schools – Accreditation Visit

*Stuart McLay and Jane Kuok, two representatives of the Council of International Schools (CoIS), visited NIS Kyzylorda between the 3rd and the 6th of May. The visit was the second in the CoIS accreditation process and we are hoping to be fully accredited in the 2017/18 academic year.*



*Our visitors were extremely impressed by the welcome they received from everybody in school and they made many positive comments about the politeness and maturity of our students. In a series of interviews with teachers, administration staff, parents and students, they gathered a wide range of information to help them decide if we were ready for the next stage of the accreditation process. At the time of writing we are still waiting for our confirmation letter but, judging by the feedback that we received at the end of the week, we are fully expecting to move into the next phase of the process during the next month.*

*Jane and Stuart identified many positive features of our school and they had particular praise for the quality of the learning environment, the care and support provided for all students especially those who stay in the dormitories, the relationships between students and teachers and the atmosphere in all areas of the school. They commented on the wonderful displays in the many different classrooms they visited and the amount of student work exhibited around the school.*







*In recent months, we have been developing our vision and mission statements and our visitors were impressed at how we had integrated these statements into our curriculum and the general life in school. They were full of praise for the ability of our students to speak three languages and the efforts our teachers were making to develop their skills through professional development.*

*Overall, it was a successful visit and the administration team would like to thank all those involved for making it so. At the moment we are waiting for official feedback and, when we receive more information, we will pass it on to you.*

**Michael McPherson**
**International Vice-Principal**

## Абай дана–Абай дара қазақта…



Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

Ақын Абайдың шығармашылық мұрасы-қазақ тарихында өз маңызын жоймайтын рухани қазынасы.Қазақ атамыз «Қазақты тану үшін Абайды оқу қажет» дейді. Абайды тану-қазақтың өзін-өзі тануының басы да,соңы да!Өйткені ел ақыны жай ақын ғана емес, ол өлеңдері арқылы өз халқының төрдегі басын есікке сүйреп келген, басты міндерін батыл көрсетіп берген тұңғыш дана сыншымыз да!

Сәуір айының 18 жұлдызында Қызылорда қаласының химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары Н.Бекежанов атындағы Қазақ музыкалық драма театрына барып, «Абай» спектаклін тамашалаған болатын. Спектакльде Ұлы ақынның өмірінің соңғы сәттері, Абай азабының айтылмай келген тылсым бейнесі көрсетілді. Әлсіз жандардың жалауын жебеп, мансапқорлардың қаруынан қорғады. Ұлы Абайдың кескін-келбетін дөп басқан, өмірлік бітім-бейнесі де Абайға келген «Серпер» Жастар одағы сыйлығының лауреаты, артист Бақытбек Темірбеков Ұлы ақынның шынайы образын бейнеледі. Ақынның өмір өрнегін, оның айналасындағылардың бет-бедерін сомдаған шығармашылық ұжымның өнеріне өз ризашылықтарын білдірген көрермен қауым риясыз қол соқты.

Абай-тарих,өшпес ұлы тұлға,ұлағатты ұстаз,үлгілі ақын.Оның дана сөздері мен батыл ұйқастары барлық жанның жүрегін тулатпай қоймайды.Қазақ тарихындағы ұлы ақындардың,сыншылардың бірегейі болған Абай Құнанбаевты ешбір жан ұмытпақ емес.

**Нұрай Бектай, 9-сынып оқушысы**





## Любимый театральный кружок

Что наша жизнь? Игра….

Наш школьный драматический кружок «Чайка» под руководством учителя русского языка и литературы Омаровой Жанар Булатбековны существует уже три года. И мы с каждым разом стараемся все больше и больше удивлять зрителей своим творчеством. Костяк театральной труппы составляем мы - учащиеся 9 Е класса.

Дебютом театра, а тогда мы учились в 7-ом классе, явилась арт-постановка по притче Ричарда Баха «Чайка по имени Джонатан Ливингстон». Спектакль удивил интересным гримом-масками и искренней актерской игрой, основанной на пластике, музыке и элементах пантомимы. Успех был ошеломительным, и кружок юных актеров решили назвать «Чайка» в честь бесстрашного Джонатана Левингстона, учившегося не только жизни и искусству полёта, но и самосовершенствованию и самопожертвованию.

Не остановившись на достигнутом, мы «замахнулись» на великую классику - трагедию Шекспира «Ромео и Джульетта». Для нас тяжелым в постановке было не то, что мы учили наизусть поэтический текст – огромные монологи, не разучивание менуэтов, не поиски реквизита и костюмов (хотя мы перетрясли всю костюмерную театра имени Н.Бекежанова). Трудным было погружение в великую историю Любви эпохи Возрождения, когда любовь, дружба, вражда была искренними, несмотря на возраст и трудности судьбы.



Третьей постановкой «Чайки» была новогодняя феерия «Бал у хана Керея», в котором наша труппа решила поиграть в необычных персонажей волшебных сказок всего мира.



И вот теперь наш театральный кружок, решив показать сцены из жизни современных подростков, представил зрителям спектакль «Чучело» по мотивам известной повести В.К. Железникова. История, произошедшая с Леной Бессольцевой, которой пришлось столкнуться с подлостью со стороны тех, кого она считала друзьями, является ярким примером жизни современного школьника. Героиня вышла из этой борьбы победителем, не потеряв при этом свою человечность и показав непоколебимый характер и силу духа.

Мы пропустили эту историю через себя и выложились на сцене на все сто процентов. Мы играли с самоотдачей, потому что очень хотели оставить глубочайший след в душе каждого, кто присутствовал в зрительном зале. Главной целью нашей постановки было предостеречь учителей и учеников от черствости, подлости, предательства…

Получилось ли? Судить нашим дорогим зрителям…

А театральный кружок «Чайка» продолжает свою жизнь…

Может, теперь мы покажем вам что-то из мира фантастики? Приходите….

***Абдижамил Алтынай, Ким Анна***
***участницы театрального кружка «Чайка»***

## ВСЕ КРАСКИ ТАНЦА

23 и 24 апреля в городе Байконур проходил Региональный конкурс хореографического искусства «Все краски танца», посвященного 55-летию полета в космос Ю.В.Гагарина. Состязание среди танцевальных коллективов проводилось с целью развития хореографического искусства, выявления ярких, самобытных талантов, обмена опыта и расширения культурных связей между регионами России и Казахстана. В фестивале приняли участие солисты и коллективы профессионального, любительского и художественного творчества. В рамках конкурса выступили 700 участников из 40 творческих коллективов в возрастных категориях 6-9 лет, 10-14 лет, 15-18 лет, 19-24 года, 25 лет и старше.

Танцевальный коллектив Назарбаев Интеллектуальной школы города Кызылорда «Нур-би» выступали в категории 10-14 лет. На суд жюри в первом туре ребята представили казахский народный танец под названием «Мәңгілік ел», во втором туре ученики исполнили современный танец «Миньоны».

Во втором конкурсном дне «Малые формы – соло и дуэты» приняла участие солистка танцевального коллектива «Нур-би» Омирбекова Арайлым. Она представила два разно-жанровых танца: индийский народный танец и «Неумолкаемые голоса»



в стиле джаз-модерн. Оценив выразительность хореографических номеров, зажигательную музыку, высшую степень эмоциональности и высокое исполнительское мастерство юного дарования Члены жюри вручили Арайлым ДИПЛОМ III степени. А танцевальная группа «Нур-би» удостоилась ДИПЛОМА за активное участие.

**Рахымжан Кошкарбаев,**
**руководитель танц.коллектива «Нур-би»**

---

## КӨПТІЛДІЛІК - ЖАҢА ЗАМАН ТАЛАБЫ



Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев көптілді білімді да-



мытуға жіті назар аударып «…еліміздің маңызды құндылықтарының бірі және басты артықшылығы – көпұлттылық пен көптілділік» деп атап көрсеткені белгілі.

Елбасы саясатын жүзеге асыру мақсатында мектепте екінші шетел тілі ретінде қытай, неміс, француз тілдерін оқыту қолға алынған. Бұл элективті курстарды тәжірибелі мамандар жүргізеді. Француз тілінен Салходжинова Баян Есенгелдіқызы, неміс тілінен Пірмаханова Анар Халыққызы және қытай тілінен Мұратова Мөлдір Қайратқызы жеткіншектерге дәріс беруде.

«Қытай тілін үйрену Қытай мемлекетінің ЖОО-на түсуге және өңіріміздегі қытайлық мұнай компанияла-



рында қызмет атқаруға басымдық беріп, оқушылардың болашағына көп пайдасын тигізетініне сенімім мол», - дейді қытай тілінің маманы Мөлдір Қайратқызы.

Ал француз тілі мұғалімі Баян Есенгелдіқызы: «Француз тілін үйрену білімқұмар жастарға Европа мәдениетімен сусындап, сол елдің тұрмыс-тіршілігімен кеңірек танысуға мүмкіндік туғызады»,-дейді.

«Балалар сабаққа тиянақты қатысып берілген тақырыпты тез қабылдап алады. Жаңа сөздермен сөз тіркестерін тез түсініп, диалог құрады. Екінші шет тілі ретінде оқытылып жатқан неміс тілінің болашағы зор деп ойлаймын және балалардың бұл таңдауы болашақта олардың қажеттіліктеріне жарайды деп сенемін»,-деп ағынан жарылды неміс тілін үйретіп жүрген ұстаз Анар Халыққызы.

«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ғылым іл», - деп дана халқымыз айтқандай, қазіргі таңда мектебімізде 80 оқушы екінші шетел тіл ретінде осы тілдерді үйреніп, елімізді әлемдік деңгейде танытуға қадам жасауда.

**Досан Жүнісов**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**





## Педагогикалық шығармашылық алаңда Зияткерлік мектеп жұмысы кеңінен таныстырылды

2016 жылы 22 сәуірде облыстық оқу-әдістемелік орталығында «Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмыстарын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін ескеріп, жаңа көзқарас тұрғысынан ұйымдастыру» тақырыбында жалпы педагогикалық шығармашылық алаң болып



өтті. Мақсаты - Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәрбие жүйесіндегі ерекшеліктерімен бөлісе отырып, жалпы білім беру мекемелерінің педагогтарын ақпараттандыру. Облыстық семинарда мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыру; зияткерлердің оқу мен тәрбие үрдісінде педагогикалық ұйымдастырудың қолайлы жағдайын жақсарту; үштұғырлы тіл аясында қазақ, орыс, шетел тілдерін меңгеру туралы мәселелер қарастырылды. Шығармашылық алаңға қатысқан қала және аудан мектептері зияткер мектеп қызметкерлерінің жұмыстарымен танысу мүмкіндігі болды. Мәселен, мектеп жатақханасында оқушылардың жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына барлық қолайлы жағдайдың жасалғаны туралы кеңінен айтылды. Жатақхана Меңгерушісі Измагамбетова Сайран Асылбековна сөйлеген сөзінде жатақхана оқушылары мен тәрбиешілерінің облыстық, республикалық сайыстардан жүлделі марапаттауларға ие болып, мектептің абыройын асқақтатып жүргенін де атап өтті. Оқушылардың жағымды ортада білім алып қана қоймай, бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында жатақхана ішінде «Қуыршақ театры», көңілді мерекелік кештер, үйірмелер, мұражайлар мен драмалық театрларға қойылымдық көрсетілімдерге бару жиі ұйымдастырылып отыратынын көрсетті.

Мектебіміздің психологы Жадыра Қонысбаева өзінің тәжірибесінде қолданып жүрген психологиялық ойындар және тренинг түрлерін басқа білім беру мекемелерінің қызметкерлеріне таныстырып өтті. Шығармашылық алаңда Үлкен психологиялық ойындардың құрылымы, ережесі, өткізілу кезеңдері туралы ақпарат беріліп, «Сырт бейнесі» (Игры-оболочки), сюжеттік-рөлдік ойындар, сынақ ойындары таныстырылып, «Бинго», «Лабиринт», «Сәттілік бойтұмары» ойнатылды. Бұл ойындарды мектеп қабырғасындағы барлық жасөспірімдер үшін практикалық дамыту және түзету мақсатында қолдануға өте тиімді екенін айта отырып, оқушылардың бейімделу кезеңінен басқа өзара ұжымдасу мақсатында алдын-алу, түзету бағытында өткізудің ұтымды болатынын ескертіп өтті. Жатақхана атқаратын тәрбиелік шаралар бойынша тәжірбиесін тәрбиешілір Тұрғанбаева Айна және Андижанов Тимур шебер сыныбын көрсеті.

Осы семинарда «Жаңартылған білім мазмұны аясында ата-аналармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының ерекшеліктері» тақырыбында мектеп кураторы Раманкулова М.М. өз жұмысына таныстырылым жасады. Бұл тақырыптың өзектілігі қазіргі таңда жұмысбастылықтың белең алуынан, сонымен қатар ақша табудың жолында еңбек жасап, балаларына көңіл бөлетін уақыттары жоқтықтан барлық жауапкершілікті мектеп пен ұстазға жүктеуі болды. Қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін ата-аналармен жұмыс жасау бағыты анықтап алынып, сол бағыт бойынша жұмыс түрлері бөлініп, ата-аналарды мектеп өміріне белсенді араластыру іс-шаралары ұйымдастырылып отыратынын айтты. Ата-аналарды мектеп өміріне белсенді араластыру мақсатында түрлі форматтағы жобалар ұйымдастырылған. Мәселен, «Ата-ана жұмысындағы 1 күн», «Ата-ана жұмысындағы 10 күн» атты әлеуметтік жобаларын тәжірибеге енгізу керек екендігін түсіндірді. Бала ата-ана қызметімен таныса отырып, ата-ананың адал еңбегін, ақшаның келу жолын сонымен мамандық таңдауда үлкен



септігін тигізері сөзсіз.

Семинарға қатысушылар өз әсерлерін жасыра алмады. Өз тәжірибелерінде оқушыларға осы аталған тәсілдерді қолданатын болса, нәтижесінде еліміздің болашақ жастары ұлттық құндылық пен қазақтың қарапайымдылығын бойына сіңіріп, сонымен қоса, білім беру процесі нәтижелі бола түсетіні анық.

**Жатақхана ұжымы**

## Социальный проект «Служение обществу»

Система работы Назарбаев Интеллектуальных школ направлена не только на формирование успешной, но и гармонично развитой и высоконравственной личности. Одним из наиболее эффективных и целесообразных средств формирования у учащихся гуманности, морально-нравственных ценностей является благотворительность. Осуществляемый в школе социальный проект «Служение обществу» служит примером человечности, мира и добра. Главной стратегической целью развития проекта является объединение усилий учащихся в оказании социальной помощи и поддержки нуждающимся, малообеспеченным семьям. С каждым разом растет число благотворительных акций, дней открытых дверей и т.д.

В октябре 2015 года в центральной мечети была организована ярмарка-продажа сладостей и выпечки, подготовленных руками учеников, с целью сбора средств на лечение девочки по имени Каракат. Жители города с радостью покупали все изделия, учащиеся остались довольны, ведь ради такого благого дела стоило потрудиться.

В этом учебном году в нашей школе проводилось очень много мероприятий по сбору средств на лечение ученика НИШ города Астаны Темирлана Мырзагалиева. Никто не остался в стороне, каждый старался помочь мальчику. Лидеры шаныраков предложили много идей, например, организовали платный киносеанс в актовом



зале, футбольный турнир на кубок директора, лотерею. Все учащиеся с большим желанием собирались на стадионе поболеть за молодых футболистов, спешили купить билеты на фильмы. Всего по итогам проведенных мероприятий коллективом школы было собрано 980 465 тенге. Мы надеемся, что эти средства помогут выздороветь Темирлану.

Участвуя в благотворительных акциях, ученики осознают свою полезность и нужность обществу, развивают в себе важные человеческие качества.

**Гульжан Досанова**
**педагог-организатор-куратор**

## Шынықсаң – шымыр боласың!

18-23 сәуір аралығында дене шынықтыру және АӘД бірлестігінің апталығы болып өтті. Мақсаты оқушыларды спорттың әр түріне қызығушылықтарын ояту арқылы денсаулығын сақтау және нығайту. Білімді, өнерлі, намысшыл, парасатты, еңбекқор ұрпақ қалыптастыру. Ертеректен бастап оқушыларды, мұғалімдерді



күтіп алды. Барлық мектеп оқушылары мен қызметкерлері кіші баскетбол добын торға лақтыру тапсырмасын орындады. Торға түсірген адамдарға тілектер жазылған тәттілерден табыстады. Әдеттегідей апталықтың ашылу салтанатында оқушылардың үздік спорттық би өнері мен қол жекпе-жегінен «Ұлан» патриоттық клубының қойылымы көрсетілді. Оқушылардың қошеметтеуі мен қызығушылығы жоғары болды және жүргізушілер апталықтың жоспарымен таныстыра кетіп, оқушыларды, мұғалімдерді белсене қатысуға шақырды.



Апталықтың келесі күні барлық мектеп мұғалімдері, қызметкерлері және оқушылар мектеп алдына сап түзеп, таңғы жаттығуларды үлкен қызығушылықпен орындады.





7-сыныптар арасында «Шах-Мат» атты шахматтан мектеп біріншілігіне 50-ден астам оқушы қатысты. Жекелей түрінде өткен жарыста қатысушылар өз шеберліктерін көрсетие отырып, жақсы ойын өрнегін көрсетті.

Апталық жоспарына сәйкес мектеп оқушылары және мектеп мұғалімдері арасында Марафон (аланды анала жүгіру) жарысы өткізілді.

Түрлі категорияларды қамтитын топтар түрлі уақыттарда далаға спорт алаңына шығып, жас ерекшеліктеріне байланысты аланды айнала жүгіріп шықты. Бұл марофонға мектеп директорынан бастар, мұғалімдер, лоборанттар және қызметкерлер барлығы түгел қатысты.

Баскетбол спорт түрінен «Алтын доп» атты жарысқа 9-сынып оқушыларының қыздар командасы қатыстырылды. Командалар екі топқа бөлініп, топ ішінде бір-бірімен ойнады. Әр топтан І-ІІ ші орын алған командалар ақтық сайысқа жіберілді. Ақтық ойындар өте тартысты өтті. Нәтижесінде 1-орынды 9 «F» сыныбы, 2- орынды 9 «E» сыныбы, 3-орынды 9 «A», 4-орынды 9 «C», 5-орынды 9 «G», 6-орынды 9 «B» сыныптары жеңіп алды.

Әр бөлім қызметкерлері карудан оқу ату сайысы бойынша да бақ сынасты. Жарысқа барлық бірлестіктен бір әйел, бір ер кісіден қатыстырылды. Мергендіктерін шыңдап, жарыстың ережесі бойынша нұсқаулықтарды дұрыс орындай алды. Жарыс өз дәрежесінде өткізіліп, қорытындысы бойынша қыздар арасында І орынды Кенарал Виолетта (Әкімшілік командасы), ІІ орынды Ижанова Жанат (Математика бірлестігі), ІІІ орын Рашитова Мадина (Ағылшын бірлестігі) иеленді. Ерлер арасында І орын Сүлейменов Қайрат (Өнер бірлестігі), ІІ орынды Сыздықбаев Марат (Химия бірлестігі), ІІІ орынды Әбілов Бағдат (Кураторлар командасы) иеленді.

Апталық аясында ата-аналар мен мектеп құрама командасы волейбол спорт түрінен жолдастық кездесу өткізілді. Бұл жарысқа мектеп оқушыларын ата-аналары келіп, волейбол ойнады. Жарыс, өте қызықты,





тартысты, ережемен өткізілді.

Жалпы, апталық жоспар бойынша өз мақсатына жетті. Апталықта өткізілген ашық сабақтар, сыныптан тыс ұйымдастырылған әскери спорттық іс-шаралар оқушыларға дем беріп, денсаулықтарын нығайтуға, спортпен шұғылдануға, әрқашан сергек жүрулеріне үлкен үлес қосады деген үміттеміз.

**Жанна Омарова**
**дене шынықтыру бірлестігінің жетекшісі**





Дорогая школа, ты начало всего. Это ты научила нас жить по-настоящему, не переставая учиться на протяжении всей нашей жизни, и открыла перед нами тысячи дорог, которые ведут нас в наше светлое и независимое будущее.

Пусть все, кто покидает тебя, носят гордо звание «Человек»! Ведь именно к этому великому званию ты и вела нас долгих 12 лет. Спасибо тебе, наша родная школа!

**Ученики 12 «В» класса**

# Сәт сапар, жас Зияткер!






Адамзат баласы өмір атты өзенде жүзу үшін, ең алдымен мектеп атты кемеге отырады. Мектеп! Бұл тәтті қиялдағы балалық шақтың естелік-теріне қанат қаққызатын ыстық мекен.

Құрметті де, сүйікті ұстаздар! Сіздер бізді білім нәрімен сусындатып, үлкен өмірге қадам басуға көмектесіп, әрдайым қолдау көрсеттіңіздер. Сіздерге бар игі істеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз. Жұмыстарыңыз жемісті болып, отбасыларыңыздың бақытқа, өмірлеріңіздің шаттыққа толуына тілектеспіз. Алтын ұя – мектебіміз бен аяулы ұстаздарымызды жүрегімізде мәңгілікке сақтаймыз.

Ал, ертеңгі болашақты ойлап жүректері лүпіл қағып тұрған сынып-тастарыма алдағы уақытта тек қана сәттілік тілейміз. Асқақ армандарыңа қол жеткізіп, білім көкжиегінде самғай беріңдер!

**12 «Е» сынып оқушылары Жақсылық Мөлдір мен Әбдірәсіл Қырмызы**

*Білім-ғылымның қозғап тірлік-тынысын,*
*Оқушының бөліп беріп ырысын,*
*Назарбаев Зияткерлік мектебі*
*Түлектердің мәңгі өшпейтін жырысың!*

*Елбасының алып ыстық батасын*
*Жан біткенді жақын тартып жатасың,*
*Күлімдеген күні батып ұяға,*
*Арайланып алтын таң боп атасың.*

*Алдымыздан атар талай таң күліп,*
*Атың сенің тұрар көкте жаңғырып.*
*Назарбаев Зияткерлік мектебім*
*Жүрегімде жыр боп жатшы мәңгілік!*

**Нұржанна БАКУОВА**
**12 «А» сынып оқушысы**





*Горячо любимые учителя!*

*Поздравляем вас со вторым, но не менее значимым выпуском школы. Спасибо вам за труд, терпение и веру! Желаем побед во всех начинаниях и скорейшего достижения поставленных целей. Каждый из вас останется вечным монументом доброты, любви и преподавательского мастерства в наших сердцах. Мы верим в вас, как вы все эти три года верили в нас.*

**Ученики 12 «G» класса**







Өз мектебінің жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар, өз тобынан оза шыққан білім - ғылымға жаны құштар жас өркендерді бір арнаға тоғыстырып, болашағына оң бағыт – бағдар берген Назарбаев Зияткерлік мектебіне айтар алғысымыз шексіз. 3 жыл ішінде алтынға бергісіз қызық әрі жауапкершілігі мол, жылдам әрі баяу өткен уақыт аралығында жеке зияткер тұлға ретінде қалыптасуға мүмкіндік алдық. Мұғалімдердің біз үшін аянбай еңбек етуі арқасында бар білімді бойымызға сіңіріп қана қоймай, оны ел игілігі үшін жұмсап қажетті ғылыми жаңалықтар ашуға үлес қостық. Барлық жеткен жетістігіміз бен бағындырған шыңдарымыз мектеп ұжымының ерен еңбегінің нәтижесі деп білеміз.

**12 «С» сынып оқушылары**



Одна латинская пословица гласит, что мы учимся не для школы, а для жизни. Эти слова глубоко запечатлелись в нашей памяти. И вот уже мы расстаемся со зданием, которому так многим обязаны, с преподавателями, которые с таким самоотвержением посвящали все свои силы нашему образованию и воспитанию. Поэтому от лица всех выпускников говорю: «Спасибо, школа, спасибо дорогие преподаватели!»

**Бәймен Салтанат**
**ученица 12 «D» класса**



Вспоминая весь тот учебный процесс на уроках, мы осознали, каким терпением и пониманием обладают все наши учителя. Хочется искренне поблагодарить их за все те колоссальные знания, которые они смогли нам передать, за увлекательные уроки и за то, что несмотря ни на что верили в нас и знали, что у нас все получится.

Благодарим нашу школу за замечательные три года, о которых мы будем вспоминать еще очень долго, ведь школьная пора для каждого человека занимает особое место в сердце и памяти! СПАСИБО ВАМ!

**Ученики 12 «F» класса**

## Ізденген жетер мұратқа...

М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті жас ғалымдар кеңесінің ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік ғылыми жоба- 2016» ғылыми жобалар байқауында 1- орынды иемдену мен үшін зор қуанышпен тең болды. «Ақын Нұрмұхаммед Әбілқасымовтың поэзиясындағы тағдырмен күрес идеясының троп қолданысы арқылы берілу ерекшеліктері» атты ғылыми жоба тақырыбы бойынша ізденіс ету менің өмірге деген көзқарасымды түбегейлі өзгертті. Зерттеуге арқау болған ғана емес, зерттегенінді мақтан тұтуға тұрарлық бейне, өмірді, тағдырды жырлап,



